

# Венн диаграммалары: Жаһандық мекен ету орталары

## Сабақтың негізгі мазмұны

Бұл фильм оқушыларға тропикалық жаңбырлы ормандар мен шөлдердегі төтенше жағдайлар мысалдарының негізінде Венн диаграммасын таныстырады. Оңтүстік Америка, Африка және Азияның географиялық орналасуы екі жиынның қиылсысында жататын болса, ал атаптандардың тек өзіне ғана тән белгілері ол қиылсыдан тыс жатады. Екі тіршілік ортасының әртүрлі сипаттамалары негізінде айырмашылықтары көрсетілген. Фильм барысында  $\cup$  және  $\cap$  белгілері қолданылады.

Фильмді түсіну үшін жиын ұғымы туралы бастапқы білімнің болғаны жән.



### Негізгі нәтижелер

#### Сабақтың негізгі мақсаттары

- Сандар жиынның анықтамасын түсіну.
- Венн диаграммасын жиындар мен жиындағы элементтер санын сипаттауда қолдана білу.
- Белгіленген белгілерді қолдана білу. Мысалы,  $\cup$ ,  $\cap$  және  $\in$ .
- Әмбебап жиын мен оның таңбаларын,  $E$  немесе  $\emptyset$  түсіне білу.

#### Ұсынылатын жаттығулар

- Пікірлер мен ұғымдарды Венн диаграммасы көмегімен сипаттаңыз.
- Жиындардың бірігуі мен қиылсызына қатысты есептеулер жүргізіңіз.
- Тек белгілер көмегімен, қиылышқан жиындарды көрсететін Венн диаграммасының әртүрлі бөліктерін сипаттаңыз.

### Қосымша нәтижелер

#### Сабақтың негізгі мақсаттары

- Жиындарды алгебралық түрде анықтай білу.
- Жиындардың қиылсысы, бірігуі және жиындардың толықтырылуын сипаттайтын Морган заңын түсіну және қолдана білу.
- $\forall$  (кез-келген) және  $\exists$  (табылады) логикалық таңбаларды қолдана білу.

#### Ұсынылатын жаттығулар

- Жиындарды алгебралық анықтамаларымен сәйкестендіріңіздер.
- Венн диаграммасын бояй отырып, Морган заңдылықтарын ашыңыз.
- Жиын тілі арқылы логикалық тұжырымдамаларды сипаттаңыз.



Екі орта туралы мәліметтер арасындағы байланысты Венн диаграммасы арқылы көруге болады.



## Венн диаграммалары: Жаһандық мекен ету орталары

### Ұқсас фильмдер



Сабақ жоспарына дейін қолдану:

#### Сандар: Сандарсыз өмір

Бұл фильмде сандарға қарағанда жиындардың немесе заттар тобының маңыздырақ екендігіне дәлелдер келтіріле отырып, сандардың қажеттілігі туралы мәселе қарастырылады.

#### Жиындар теориясы: Кантор

Бұл фильмде бір топ музыканндардан тұратын оркестр мысалы қарастырыла отырып, жиын теориясының негізгі үғымдарына түсініктеме беріледі.

#### Жиындар: Шексіздік

Бұл фильмде, әртүрлі шексіздіктер үғымын түсіну мақсатында жиын теориясының қолдану жолдары қарастырылады.

### Сабақ жоспары

### Kіріспе

Оқушылардан өз сыныптарын төменде сипатталған сыныппен салыстыруды тапсырыңыз. Диаграммаға түсініктеме бермес бұрын, олардың жауаптарын жекелеген және жалпылама сипаттамаларға қатысты Венн диаграммасына салыңыз. Оларға сіздің жазбаларыңыздың дұрыстығын дәлелденіз және бұл диаграмманың қалай аталағынын сұраңыз.

### Фильм көрсету



#### Венн диаграммалары: Жаһандық мекен ету орталары

### Негізгі жаттығулар

#### Негізгі деңгей

Фильмнің негізгі идеясын тізіп, оқушылардан екі мемлекет, мысалы, Англия мен Франция, екі түрлі музыка стилі немесе екі түрлі саяси партияны сипаттайтын Венн диаграммасын салуын сұраңыз. Үш жалпылама үғымға дейін кеңейтініз.

Содан соң, әрбір есепті шешу облысына қатысты мәліметтер саны бар Венн диаграммасын қолданыңыз, мысалы мектепте 60 оқушы математика және/немесе физиканы оқиды, 33 оқушы математика және 54 оқушы физика оқиды; Неше оқушы математика мен физиканы қатар оқиды?

#### Терендетілген деңгей

Жиындарды алгебралық түрде қалай анықтауға болатынын түсіндіріңіз, мысалы,

$$X = \{x : x \in Z, x^2 < 10\} = \{0, 1, 2, 3\}$$

Әрі қарай, оқушыларға алгебралық анықтамалар тізімі мен көптеген жазбаларды беріп, жиындар атауын анықтамаларымен сәйкестендіруді тапсырыңыз. Оқушыларға жиын элементтерін беріп, жиындардың алгебралық анықтамаларын жазуды тапсырыңыз.  $\forall$  (кез-келген) және  $\exists$  (табылады) белгілеулерін ұсына отырып, жиындар белгіленуі арқылы логикалық тұжырымдар келтіруді тапсырыңыз. Мысалы, “барлық натурал сандар, сандар болып табылады”.

### Қосымша жаттығулар

Үш қылышатын жиынды сипаттайтын Венн диаграммасын салып,  $A \cap B \cap C$ ,  $A \cap (B \cup C)$  сияқты белгілер тобын қолданып, әрбір бөлімді сипаттаңыз. Оқушылардан  $(A \cup B)'$  және  $A' \cap B'$  сияқтыларды бояп, олардың арасындағы байланысты анықтауын сұраңыз. Морган заңдарына анықтама бере отырып, оның дұрыстығын Венн диаграммасы арқылы тексеріңіз.

### Міндетті емес қосымша тапсырмалар

Төрт қылышқан жиынды сипаттайтын Венн диаграммасын салыңыз. Оларда неше түрлі бөлік болуы керектігін есептеңіз. Белгілер көмегімен әр бөлікті сипаттаңыз.

